

ӘОЖ 17.12.8

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТАТАР МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІ: ТАҚЫРЫПТЫҚ-ИДЕЯЛЫҚ ҮНДЕСТІК

Таштан Әсел Бақытжанқызы

t_asel_b@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау
мамандығының 1-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ.Р. Кемеңгер

Түбі бір түркі халықтарының тілі, діні, дәстүрі, мәдениеті сонымен қатар әдебиеті де бір-біріне өте ұқсас. О баста бір аймақты мекендеген тайпалар кейіннен тарихи жағдайларға байланысты өздерінің географиялық аумақтарын бекітіп, жеке-жеке ел болды, өз алдына мемлекет болды. Дербес мемлекет, дербес ұлт болғанымен олардың түбі бір екендігін дәлелдейтін салт-дәстүрі, әдебиеті, мәдениеті бар. Олай болса екі елдің жасаған ауыз әдебиетіне, соның ішінде мақал-мәтелдерге айрықша тоқтала кеткенді жөн көрдік.

Қазақ халық ауыз әдебиетінің ең кіші жанрларының бірі саналатын мақал-мәтелдердің жиналып, зерттелу мәселелерінің ең басында Ш. Уәлиханов тұрды. Оның «Үлкен орданың мәтелдері» атты қолжазбасында қазақтың 33 мақал-мәтелі кездеседі. Сонымен қатар, «Таңдамалы шығармалар» еңбегінде жинақталған мақал-мәтелдердің біразы жүйеленіп берілген [1, 48].

Мақал-мәтелдерді жинастыру ісінде құрастырылған еңбектердің қатарында Ы.Алтынсариннің 1879 жылы жарық көрген «Қырғыз хрестоматиясы» еңбегінің орны айрықша. Еңбекте қазақ мақал-мәтелдері жүйелі түрде және ең таңдаулы түрлері жарияланды [2].

Сонымен бірге, халық ауыз әдебиетін жинап, жариялаумен айналысқан тұлғалар қатарына Т.А. Мелиоранский, Ә. Диваев, В.В. Катаринский сынды зерттеушілерді жатқызуға болады. В.В. Катаринскийдің 1899 жылы Орынборда жарық көрген еңбегі. Бұл еңбекте қазақ мақал-мәтелдері топтастырылып, 1500-ге жуық нұсқасы берілген [3]. Бұдан бөлек көптеген ғалымдар мақал-мәтелдерді зерттеумен шұғылданды.

Қазақ мақал-мәтелдерінің жинақ боп басылған еңбектері Б. Адамбаев, М. Әлімбаев, Ө.Тұрманжанов сынды тұлғалардың құрастыруымен шықты.

Татар халық ауыз әдебиетінде қазақ халқының ауыз әдебиеті сияқты барлық жанрлар кездеседі және халық мұраларына өте бай. Бұл халықтың ауыз әдебиеті нұсқаларын жинап, құрастырушылардың қатарында Х. Бадигиді айтамыз. Ол татар халық мұраларын жинақтап, зерттеу ісімен бірнеше жылдар бойы шұғылданды. Нәтижесінде 1912 жылы халық шығармаларының ең алғашқы «Мәкәльлар» атты жинағы жарық көрді. Бұл еңбектің

кіріспесінде Х.Бадиги халықтың фольклорлық мұрасының маңызын, оның мәнін және оларды зерттеу міндеттері жайында айтады [4].

Сондай-ақ, татар фольклорын зерттеуші ғалым Н. Исанбет мақал-мәтелдерді халық даналығының жиынтығы деп атайды [5].

Расымен де, қай халықтың да, өзіндік сүрген өміріне, әлеуметтік ортасына байланысты қарым-қатынас барысында қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-дәстүр, наным-сенімдерінің тілдегі көрінісі ерекше мәнге ие. Солардың айрықша белгісі мақал-мәтелдер.

Түркі халықтары ұзақ уақыт бойы бірге жасасқан халық, сондықтан да олардың ауыз әдебиет мұралары бір-біріне ұқсап, кейде бірінен-бірі ерекшеленіп жатады. Ерекшеленетін себебі халықтың өмір сүру салтына барып тіреледі. Осы жөнінде ғалым Бүркіт Ысқақов: «Расында да, қазақ, татар халықтары жасаған ауыз әдебиеті үлгілері үнемі өзара ұқсап, ұштасып жатады. Бұл жағынан алып қарағанда олар бір көрікті бақша ағашының қос гүлі тәрізді. Олай дейтін себебіміз: бұлар бірігіп жасаған ертегі-аңыздар, тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, жұмбақ, жаңылтпаштар, батырлық және лиро-эпостық дастандар бір-бірімен өте ұқсас. Тіпті, олардың кейбіреулерінің қай халықтыкі екенін айыра да алмайсың», - деген пікір айтады [6, 19].

Ғалымның пікірін негізге ала отыра, осы жұмысымызда ауыз әдебиетінің ең көне, байырғы түрі қазақ пен татар халықтарының мақал-мәтелдерін салыстыра зерделеп көрейік.

Мақал-мәтелдер – халықтың сан ғасырлар бойы қалыптасып, дамып, халықпен бірге жасасып келе жатқан құнды байлығы. Күнделікті өмірде адамдар арасында орын алатын қарым-қатынас, өмірдің мәні, жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдық, ерлік пен елдік сияқты өмір көріністерін бейнелейтін халық ауыз әдебиетінің бір бөлігі.

Басқа жанрларға қарағанда мақал-мәтелдерде тыңдаушыға әсер ету ниеті көбірек байқалады. Сол себепті де мақал-мәтелдерде жақсы мен жаманның, пайдалы мен зиянның одан басқа да бір-біріне қарама-қарсы ұғымдардың ара-жігіт ажыратып, оларға баға беру белгілі бір құбылысты сипаттау арқылы көрініс табады. Демек, қарама-қарсы ұғымдарды беру арқылы біз адамдардың өзара қарым-қатынасын, олардың қоғамдағы рөлі немесе әлеуметтік ахуалы сияқты мәселелерді айқындай аламыз.

Мәселен, қазақтың *«Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті»* деген мақалында еңбекқор мен еріншекті қатар бере отырып, еңбек еткен адамның қашан да жемісті болатынын, ал жалқау жанның тәттілігін ойлап ас-ауқатсыз қалатынын көрсетіп, әрі адамзат баласын еңбекке баулуға үйретеді. Осыған ұқсас даналық сөздер халқымызда өте көп. Айталық, *«Еңбексіз іс бетпейді, еріншектің қолы жетпейді»*, *«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей»*, *«Еріншектің ертеңі бітпес»* сияқты мақал-мәтелдерді жатқызуға болады. Дәл осындай мәндегі татар халқының мақалдары да бар. *«Тырышканның даны чыга, иренгәннең жаны чыга»*, *«Эшлэгән тұңмас, эшлэмэгән уңмас»*, *«Ялкау утырып йоклуй, ятып эшли»*, *«Бака лайлы жсир эзли, ялкау жсайлы жсир эзли»* сынды т.б халық нақылдарында жоғарыда айтқанымыздай еңбексүйгіштік пен жалқаулықты салыстырып бере отыра, қоғамға пайдалы еңбек белсенділігінің маңызын көрсетеді.

Негізінен, мақал-мәтелдердегі осындай қарама-қайшы ұғымдар жастық пен кәрілікті бейнелеу арқылы да кездеседі. Мысалы, қазақ халқында *«Үлкенге құрмет, кішіге ізет»*, *«Үлкенге үйретсең, кіші өзі үйренеді»*, *«Үлкенге сәлем бер, кішіге қалам бер»*, *«Жасында берекесі болмағанның, қартайғанда мерекесі болмас»* деп әрі қарай жалғаса береді. Мұндағы кәрілік – даналықтың белгісі, құрметке лайықтының көрсеткіші болса, жастық – болашаққа әрқашан үмітпен қарайтын, үлкендер сенім артатын, сол сенімнен шығатын ұрпақты бейнелейді. Бауырлас татар халқында да мұндай көрсеткіштер кездеседі. Алдымен мақал-мәтелдерін теріп жазып алайық. *«Яшьлегедә ни чәчсәң, картлығыңда шуны урырсың»*, *«Яшьлекнең кадере қартайғач беленер»*, *«Яшьлегемдә хезмәт бир, картлығымда дәүләт бир»*, *«Яшьләр уен ярата,*

қартлар йокы ярата». Бұл жерде де қарттық пен жастықты суреттеу арқылы халықтың таным-түсінігінен хабардар етіп отыр.

Туысқан екі халықтың да мақал-мәтелдерін қарап отырсақ, қарсы мәнді ұғымдардың ауқымы өте кең. Десе де, соның арасындағы ең басты ұғым – жақсылық пен жамандық десек болады. Өйткені осы хақындағы мақал-мәтелдер өте көп. Мысалы, біздің айтып жүрген *«Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен», «Жақсыдан шарапат, жаманнан кесапат», «Жақсы көргенін айтады, жаман бергенін айтады», «Жақсыны сыйласаң есіңнен кетпейді, жаманды сыйласаң есігіңнен кетпейді», «Жақсы тауып айтады, жаман қайып айтады»* сынды тағы басқа мақал-мәтелдеріміз жақсы мен жаманның ара-жігін ажыратып, жақсыға үйір болуға тәрбиелейді. Ал, татар халқы да мұндай даналық сөздерге бай халық. Мысалы, *«Яхшы әсыяр, яман әсуяр», «Яхшы белән юлдаш булсаң, эшең бетәр, яман белән юлдаш булсаң, башың бетәр», «Яхшыдан өйрән, яманнан жирән»* мақал-мәтелдері. Татар халқының көптеген мақал-мәтелдерінде жақсылықты жамандыққа қарсы қою идеясы кездеседі. Ұлттық-мәдени ерекшеліктерді зерттеудегі мақал-мәтелдердің рөлін зерттеп жүрген ғалымдардың еңбектерінде жақсылықтың сипаты жайлы баяндалады.

Жалпы айтқанда, осы мақал-мәтелдердегі айтылатын негізгі ойдың басым бөлігі, ойдағы басты нәрсені көрсету қарама-қарсы ұғымдарды нақты сипаттаумен, оларды салыстырумен байланысты айқындалады.

Халық ауыз әдебиеті халық өмірінің айнасы деп бағаласақ, оның ішінде мақал-мәтелдер қазақ және татар сияқты туыс халықтардың тұрмыстық және мәдени тұрғыда жақындығын танытады. Екі халықтың мақал-мәтелдерін зерделей келе, олардың бастан кешкен ұқсас тағдыры, лингвомәдени ерекшеліктері айқын көрініс табатынын байқадық. Соның ішінде қарама-қайшы ұғымдарды салғастыра отырып, ізгілікке баулитын мақал-мәтелдер талданып, сараланды. Бұл барлық түркі жұртына ортақ үлкенді сыйлау, ұлттық танымның көрінісі деп бағалаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 409 б.
2. Алтынсарин Ы. Қырғыз хрестоматиясы. – Орынбор, 1879. – 111 б.
3. Катаринский В. Памятная книжка Тургайской области. – Оренбург, 1899. – 158 с.
4. Бадигъ Х. Халық әдәбияты. Мәкальләр. I төп. I бүлек. Қазан, 1912. – 83 б.
5. Исанбет Н. Татар халық мәкальләре: кереш мәкалә һәм аңлатмалар белән (Татарские народные пословицы: со вступительной статьей и объяснениями): в 3-х т. Казань: Татарское книжное издательство, 2010. Т. 1. 568 с.
6. Ысқақов Б.Ы. Қазақ-татар әдеби байланысы. – Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1976. – 175 б.